10.11.2026-ғы № 19-10/6283 дз шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ

ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№_____

Бақылауға алынды

Құрылтай депутаты
Л. Ә. Жылқыбаеваға

2026 жылғы 14 қазандағы
№ ДС-69 депутаттық сауалға

Құрметті Ләззат Әуесханқызы!

Цифрландыруды белсенді дамыту және цифрлық қызметтерді пайдалануды кеңейту жағдайында азаматтардың дербес деректерін қорғауды қамтамасыз ету мәселелері ерекше өзектілікке ие болады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету, оның ішінде оларды жинауды және өңдеуді жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеу, деректерді сақтау көлемі мен мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау, сондай-ақ олардың заңсыз таралу фактілерін болғызбау бөлігінде шаралар қабылданады.

Осыған байланысты, дербес деректерді қорғауға қатысты сұрау салуды қарау шеңберінде келесіні хабарлаймын.

Дербес деректерді өңдеуді жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі *(бұдан әрі - Министрлік)* құзыреті шегінде дербес деректерді жинау, өңдеу және сақтау кезінде заңнама талаптарының сақталуын бақылауды қоса алғанда, оларды қорғау жүйесін жетілдіру жөніндегі шараларды іске асырады.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің *(бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК)* 692-2-бабының бірінші бөлігіне сәйкес Министрлік ҚР ӘҚБтК 79, 640 және 641-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

ҚР ӘҚБтК-нің 802-бабының екінші бөлігіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын, ҚР ӘҚБтК 741-бабында көзделген мән-жайлар болмаған кезде, әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректердің болуы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау үшін негіз болып табылады.

10.11.2026 Копия электронного документа.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 144-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) жоспардан тыс тексеруге жеке және заңды тұлғалардың дәлелді негіздер мен растайтын дәлелдемелер *(фото, бейнематериал, аудиожазба және т.б.)* болған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу жөніндегі өтініштері негіз болып табылады.

Осыған байланысты, «Яндекс» компаниясының бес заңды тұлғасына қатысты *(«Яндекс Казахстан» ЖШС, «Yandex Bastau» ЖШС, «Яндекс. Такси Корп» ЖШС, «Яндекс. Еда Казахстан» ЖШС, «Яндекс LLP» ЖШС)* ағымдағы жылдың қараша айының соңына дейін Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуына жоспардан тыс тексерулер жүргізілетін болады.

Тексерулер шеңберінде дербес деректерді қорғау саласындағы, оның ішінде деректерді сақтауды оқшаулау және оларды қорғау бойынша қабылданатын ұйымдастырушылық және техникалық шаралар бөлігінде заңнама талаптарының сақталуын жан-жақты және кешенді зерделеуді жүргізу жоспарлануда.

Тексеру нәтижелері бойынша белгіленген талаптардың сақталуына баға беріледі, ал бұзушылықтар анықталған жағдайда оларды жою жөніндегі ұсынымдарды және кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы мәселені қарауды қоса алғанда, уәкілетті органның құзыреті шеңберінде тиісті ден қою шаралары қабылданады.

Сонымен қатар, тексеру аяқталғаннан кейін тиісті ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау үшін ұсынылатынын атап өтеміз.

Артық дербес деректерді жинауға, оларды негізсіз сақтауға, сондай-ақ тиісті талдау жүргізуге байланысты мәселелер бөлігінде аталған мәселелер «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының *(бұдан әрі-Заң)* талаптары ескеріле отырып қаралуға жататынын хабарлаймын.

Мәселен, аталған Заңның 7-бабының 9-тармағына сәйкес оларды өңдеу мақсаттарына қатысты артық болып табылатын дербес деректерді жинауға және өңдеуге жол берілмейді. Басқаша айтқанда, нақты, алдын-ала анықталған және заңды мақсаттарға жету үшін қажет және жеткілікті дербес деректер ғана жиналады және өңделеді.

Заңның 12-бабы 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, дербес деректерді сақтау мерзімі оларды жинау және өңдеу мақсаттарына қол жеткізген күнмен айқындалады.

Осылайша, мемлекеттік органдар мен ұйымдар артық мәліметтер жинауды және олардың негізсіз сақталуын қоспағанда, дербес деректерді жинауды және өңдеуді белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті көлемде ғана қамтамасыз етуге міндетті.

Көрсетілген талаптардың сақталуы заңнамада көзделген негіздер болған

кезде Министрлік жүзеге асыратын мемлекеттік бақылау шеңберінде бағалауға жатады.

Бір мезгілде дербес деректерге қол жеткізуді бақылау тетіктерін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, «Дербес деректерге қол жеткізуді бақылау» мемлекеттік сервисінің жаңа нұсқасына көшу жүзеге асырылуда *(«Дербес деректерге қол жеткізуді мемлекеттік бақылау сервисінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» ЦДИАӨМ 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 144/НҚ бұйрығы)*.

Көшу шеңберінде дербес деректерді жинау және өңдеу процестерін, оның ішінде оларды жүзеге асырудың белгіленген мерзімдерін сақтауды бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бастамашылар қызметтерінің анықтамалықтарын енгізу көзделген.

Көрсетілген анықтамалықтарды енгізу дербес деректер субъектілеріне олардың дербес деректеріне қол жеткізудің қандай мақсаттарда және қандай негіздерде берілгені туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Дербес деректердің жалпыға бірдей қолжетімді көздерде, оның ішінде білім беру ұйымдарының цифрлық жүйелерінде заңсыз таралуын болдырмау да маңызды бағыт болып табылады.

Заңның 7-бабының 3-тармағына сәйкес деректерді орналастыру міндеті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, дербес деректерді жалпыға бірдей қолжетімді көздерде таратуға субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімі болған кезде жол беріледі.

Бұл ретте меншік иелері және (немесе) операторлар, сондай-ақ үшінші тұлғалар ақпаратты жалпыға бірдей қолжетімді көздерде орналастыру кезінде оларды бүркемелеу арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таратылуға жатпайтын дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Тиісінше, субъектіге немесе оның заңды өкіліне дербес деректерге қолжетімділік, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, авторландыру және сәйкестендіру рәсімдерінен өткеннен кейін беріледі.

Бұдан басқа, дербес деректерді қорғау жөніндегі шаралар Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 179/НҚ бұйрығымен бекітілген Меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидаларында *(бұдан әрі - Қағидалар)* айқындалған.

Осыған байланысты, білім беру ұйымдары дербес деректердің меншік иелері және (немесе) операторлары ретінде белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге, оның ішінде дербес деректерді ашық қолжетімділікте заңсыз орналастыруды болдырмайтын қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қолдануға міндетті.

Семей қаласының *(2026 жылғы 26 қыркүйек)* және Қызылорда облысының *(2026 жылғы 3 қазан)* білім беру ұйымдарында дербес деректерді заңсыз тарату фактілері бойынша прокуратура органдары прокурорлық ден қоюдың тиісті шараларын қабылдағанын атап өткен жөн.

Атап айтқанда, Семей қаласында 3 752 қызметкер мен 344 кәмелетке толмағандардың, ал Қызылорда облысында - 529 білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің дербес деректерін орналастыру фактілері анықталды. Қабылданған шаралардың нәтижелері бойынша мәліметтер ашық қолжетімділіктен алынып тасталды, кінәлі тұлғалар жауапқа тартылды.

Осылайша, көрсетілген фактілер бойынша прокуратура органдары анықталған бұзушылықтарды жоюға және кінәлі адамдарды жауапқа тартуға бағытталған тиісті шаралар қабылдады.

Сонымен қатар, білім беру, медициналық және басқа да цифрлық платформаларға қызмет көрсететін компаниялардың дербес деректерді өңдеу мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Заңнамаға сәйкес дербес деректерді жинау және өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімімен жүзеге асырылады.

Заңның 8-бабының 4-тармағына сәйкес келісім меншік иесі және (немесе) оператор туралы мәліметтерді, келісімнің қолданылу мерзімін, дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігін, сондай-ақ көрсетілген нормада көзделген өзге де мәліметтерді қамтуға тиіс.

Бұл ретте, Заңның 8-бабының 5-тармағына сәйкес егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе шартта өзгеше белгіленбесе, дербес деректерді өңдеуге келісімнің қолданылу мерзімі дербес деректерді жинау мен өңдеу мақсаттарына қол жеткізуге қажетті мерзімнен аспайды.

Демек, дербес деректерді өңдеу, оның ішінде оларды үшінші тұлғаларға беру тиісті құқықтық негіздер болған кезде, белгіленген мақсаттар шегінде және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Бұдан басқа, 2025 жылғы 22 желтоқсанда Қағидаларға қолжетімділігі шектеулі 100 мыңнан астам дербес деректерді өңдейтін операторлар үшін міндетті биометриялық сәйкестендіруді көздейтін өзгерістер енгізілді.

Дербес деректерді жинау, өңдеу, үшінші тұлғаларға беру, сақтау және жою кезінде заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндет дербес деректердің меншік иелеріне және (немесе) операторларына жүктеледі.

Өз кезегінде, Министрлік өз құзыреті шегінде заңнамада көзделген негіздер *(өтініш, мемлекеттік органның тапсырмасы, прокурордың талабы)* болған кезде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Осылайша, аталған мәселелерді Министрлік заңнамада көзделген негіздер болған кезде дербес деректердің нақты меншік иелеріне және (немесе) операторларына қатысты мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру шеңберінде қарауы мүмкін.

Заңнамада бақылау шараларымен қатар азаматтардың дербес деректерін заңсыз таратқан жағдайда олардың бұзылған құқықтарын қорғау тетіктері көзделген.

Дербес деректерді заңсыз жинау, өңдеу немесе тарату фактілері анықталған жағдайда азаматтар Министрлікке тиісті өтінішпен жүгінуге құқылы.

Келіп түскен өтініштер заңнамада белгіленген тәртіппен қаралады. Әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер не жоспардан тыс тексеру жүргізу үшін негіздер болған кезде Министрлік өз құзыреті шегінде тиісті ден қою шараларын қабылдайды.

Бұдан басқа, азаматтар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселелері құқық қорғау органдарының құзыретіне жатады.

Осылайша, қолданыстағы заңнама анықталған бұзушылықтардың сипатына қарай азаматтардың дербес деректерін қорғаудың құқықтық тетіктерін көздейді.

Қолданыстағы қорғау тетіктерін қолданумен бір мезгілде заңнаманы жетілдіру және дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды күшейту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

2026 жылғы 24 маусымда азаматтардың дербес деректерін қорғауды күшейтуге бағытталған бірқатар шараларды көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, дербес деректерді қорғау, жол жүрісі және көліктегі озық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Атап айтқанда, Заңда цифрлық объектілерде бүркемелеу және хэштеу әдістерін қолдану, аса маңызды цифрлық объектілерден цифрлық жеткізгіштерге дербес деректерді көшіруді (жүктеп алу) реттеу, сондай-ақ дербес деректерді жинауды және (немесе) өңдеуді жүзеге асыратын тұлғалардың тізілімін жүргізу көзделген.

Аталған заңнамалық өзгерістерді іске асыру мақсатында Бүркемелеу және хештеу әдістерін қолдану қағидалары *(Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 3 қыркүйектегі № 535/НҚ бұйрығы),* сондай-ақ Дербес деректерді аса маңызды цифрлық объектілерден цифрлық жеткізгіштерге көшіру (жүктеп алу) қағидалары *(Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 13 қазандағы № 613/НҚ бұйрығы)* бекітілді.

Бұдан басқа, меншік иелері және (немесе) операторлар, сондай-ақ үшінші тұлғалар өңделетін дербес деректердің көлеміне қарай шағын, орта және ірі болып бөлінеді.

Дербес деректерді өңдеудің басталғаны және тоқтатылғаны туралы хабарлама тетігі енгізілді, оның негізінде дербес деректерді жинауды және

(немесе) өңдеуді жүзеге асыратын тұлғалардың тиісті тізілімі қалыптастырылады. Сондай-ақ, дербес деректердің қауіпсіздігін бұзу тізілімін жүргізу көзделген.

2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы ерекше маңызға ие. 21-бапта алғаш рет конституциялық деңгейде дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан, оның ішінде цифрлық технологияларды қолданудан қорғау құқығы тікелей бекітілген.

Осы норманы бекіту азаматтардың дербес деректерін қорғаудың конституциялық кепілдіктерін күшейтеді, цифрлық сервистер мен технологияларға деген сенімді нығайтуға ықпал етеді, сондай-ақ дербес деректерді өңдеу кезінде операторлардың жауапкершілігін арттырады.

Министрлік азаматтардың деректерін қорғауға, операторлардың жауапкершілігін арттыруға, заманауи цифрлық құралдарды енгізуге, ақпараттың таралу тәуекелдерін барынша азайтуға және Қазақстанның цифрлық ортасының кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды тұрақты негізде қабылдайды.

Ж. Мәдиев

10.11.2026-ғы № 19-10/6283 дз шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ

ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№_____

Бақылауға алынды

Депутату Курултая
Жылқыбаевой Л.А.

На депутатский запрос
№ ДС-69 от 14 октября 2026 года

Уважаемая Ляззат Ауесхановна!

В условиях активного развития цифровизации и расширения использования цифровых услуг, вопросы обеспечения защиты персональных данных граждан приобретают особую актуальность.

В соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан принимаются меры по обеспечению защиты персональных данных, в том числе в части регулирования деятельности организаций, осуществляющих их сбор и обработку, соблюдения требований к объему и срокам хранения данных, а также предотвращения фактов их неправомерного распространения.

В связи с этим, в рамках рассмотрения запроса касательно защиты персональных данных, сообщаю следующее.

В рамках осуществления государственного контроля за деятельностью организаций, осуществляющих обработку персональных данных Министерством искусственного интеллекта и цифрового развития Республики Казахстан *(далее – Министерство)* в пределах компетенции реализуются меры по совершенствованию системы защиты персональных данных, включая контроль за соблюдением требований законодательства при их сборе, обработке и хранении.

Согласно части первой статьи 692-2 Кодекса «Об административных правонарушениях» Республики Казахстан *(далее – КоАП)* Министерство рассматривает дела об административных правонарушениях, предусмотренные статьей 79, 640 и 641 КоАП.

В соответствии с частью второй статьи 802 КоАП РК поводом и основанием для возбуждения дела об административном правонарушении являются заявления физических и юридических лиц, а также наличие достаточных данных, указывающих на признаки административного правонарушения при отсутствии обстоятельств, исключающих производство по

10.11.2026 Копия электронного документа.

делу, предусмотренных статьей 741 КоАП РК.

Наряду с этим, согласно подпункту 3) пункта 5 статьи 144 Предпринимательского кодекса Республики Казахстан основаниями внеплановой проверки субъектов (объектов) контроля и надзора являются обращения физических и юридических лиц по нарушениям требований законодательства Республики Казахстан при наличии убедительных оснований и подтверждающих доказательств *(фото, видеоматериал, аудиозапись и т.д.)*.

В этой связи, в отношении пяти юридических лиц компании «Яндекс» *(ТОО «Яндекс Казахстан», ТОО «Yandex Bastau», ТОО «Яндекс. Такси Корп», ТОО «Яндекс. Еда Казахстан», ТОО «Яндекс LLP»),* зарегистрированных в Республике Казахстан, до конца ноября текущего года будут проведены внеплановые проверки на предмет соблюдения ими требований законодательства Республики Казахстан в сфере защиты персональных данных.

В рамках проверок планируется провести всестороннее и комплексное изучение соблюдения требований законодательства в сфере защиты персональных данных, в том числе в части локализации хранения данных и принимаемых организационных и технических мер по их защите.

По результатам проверок будет дана оценка соблюдению установленных требований, а в случае выявления нарушений приняты соответствующие меры реагирования в рамках компетенции уполномоченного органа, включая рекомендации по их устранению и рассмотрение вопроса о привлечении виновных лиц к административной ответственности.

Вместе с тем отмечаем, что по завершении проверки соответствующая информация будет представлена для освещения в средствах массовой информации.

В части вопросов, связанных со сбором избыточных персональных данных, их необоснованным хранением, а также проведением соответствующего анализа сообщаю, что указанные вопросы подлежат рассмотрению с учетом требований Закона Республики Казахстан «О персональных данных и их защите» *(далее – Закон)*.

Так, согласно пункту 9 статьи 7 указанного Закона не допускается сбор и обработка персональных данных, являющихся избыточными по отношению к целям их обработки. Иными словами, сбору и обработке подлежат только те персональные данные, которые необходимы и достаточны для достижения конкретных, заранее определенных и законных целей.

Согласно части второй пункта 2 статьи 12 Закона, срок хранения персональных данных определяется датой достижения целей их сбора и обработки, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан.

Таким образом, государственные органы и организации обязаны обеспечивать сбор и обработку персональных данных исключительно в объеме, необходимом для достижения установленных целей, исключая сбор избыточных сведений и их необоснованное хранение.

Соблюдение указанных требований подлежит оценке в рамках государственного контроля, осуществляемого Министерством при наличии предусмотренных законодательством оснований.

Одновременно проводится работа по совершенствованию механизмов контроля за доступом к персональным данным. В частности, в настоящее время осуществляется переход на новую версию государственного сервиса «Контроль доступа к персональным данным» *(приказ МЦРИАП от 29 апреля 2022 года № 144/НҚ «Об утверждении Правил функционирования государственного сервиса контроля доступа к персональным данным»)*.

В рамках перехода предусмотрено внедрение справочников услуг инициаторов, позволяющих обеспечить контроль за процессами сбора и обработки персональных данных, в том числе соблюдением установленных сроков их осуществления.

Внедрение указанных справочников обеспечит субъектам персональных данных возможность получать информацию о целях и основаниях предоставления доступа к их персональным данным.

Важным направлением также является предотвращение неправомерного распространения персональных данных в общедоступных источниках, в том числе в цифровых системах организаций образования.

В соответствии с пунктом 3 статьи 7 Закона распространение персональных данных в общедоступных источниках допускается при наличии согласия субъекта или его законного представителя, за исключением случаев, когда обязанность размещения данных установлена законами Республики Казахстан.

При этом собственники и (или) операторы, а также третьи лица обязаны обеспечивать защиту персональных данных, не подлежащих распространению в соответствии с законодательством Республики Казахстан, путем их маскирования при размещении информации в общедоступных источниках.

Соответственно доступ субъекту или его законному представителю к персональным данным предоставляется после прохождения процедур авторизации и идентификации, если иное не предусмотрено законами Республики Казахстан.

Кроме того, необходимые меры защиты персональных данных определены в Правилах осуществления собственником и (или) оператором, а также третьим лицом мер по защите персональных данных *(далее - Правила),* утвержденных приказом Министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан от 12 июня 2023 года № 179/НҚ.

В связи с этим, организации образования, как собственники и (или) операторы персональных данных, обязаны обеспечивать соблюдение установленных требований, в том числе применять необходимые организационные и технические меры, исключающие неправомерное размещение персональных данных в открытом доступе.

Следует отметить, что по фактам незаконного распространения

персональных данных в организациях образования города Семей *(26 сентября 2026 года)* и Кызылординской области *(3 октября 2026 года)* органами прокуратуры приняты соответствующие меры прокурорского реагирования.

В частности, в городе Семей выявлены факты размещения в открытом доступе персональных данных 3 752 работников и 344 несовершеннолетних, в Кызылординской области – 529 работников организаций образования. По результатам принятых мер указанные сведения удалены из открытого доступа, виновные лица привлечены к ответственности.

Таким образом, по указанным фактам органами прокуратуры приняты соответствующие меры, направленные на устранение выявленных нарушений и привлечение виновных лиц к ответственности.

Вместе с тем, особое внимание уделяется вопросам обработки персональных данных компаниями, обслуживающими образовательные, медицинские и другие цифровые платформы.

В соответствии с законодательством сбор и обработка персональных данных осуществляются с согласия субъекта или его законного представителя, за исключением случаев, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

Согласно пункту 4 статьи 8 Закона согласие должно содержать сведения о собственнике и (или) операторе, сроке действия согласия, возможности передачи персональных данных третьим лицам, а также иные сведения, предусмотренные указанной нормой.

При этом в соответствии с пунктом 5 статьи 8 Закона срок действия согласия на обработку персональных данных не может превышать срок, необходимый для достижения целей сбора и обработки персональных данных, если иное не установлено законами Республики Казахстан или договором.

Следовательно, обработка персональных данных, в том числе их передача третьим лицам, должна осуществляться при наличии соответствующих правовых оснований, в пределах установленных целей и с соблюдением требований законодательства Республики Казахстан.

Кроме того, 22 декабря 2025 года внесены изменения в Правила, предусматривающие обязательную биометрическую идентификацию для операторов, которые обрабатывают более 100 тысяч персональных данных ограниченного доступа.

Обязанность по обеспечению соблюдения требований законодательства при сборе, обработке, передаче третьим лицам, хранении и уничтожении персональных данных возлагается на собственников и (или) операторов персональных данных.

В свою очередь, Министерство в пределах своей компетенции осуществляет государственный контроль за соблюдением законодательства Республики Казахстан о персональных данных и их защите при наличии предусмотренных законодательством оснований *(обращение, поручение государственного органа, требование прокурора).*

Таким образом, указанные вопросы могут быть рассмотрены Министерством в рамках осуществления государственного контроля в отношении конкретных собственников и (или) операторов персональных данных при наличии предусмотренных законодательством оснований.

Наряду с контрольными мерами законодательством предусмотрены механизмы защиты нарушенных прав граждан в случае незаконного распространения их персональных данных.

В случае выявления фактов незаконного сбора, обработки или распространения персональных данных граждане вправе обратиться в Министерство с соответствующим обращением.

Поступившие обращения рассматриваются в установленном законодательством порядке. При наличии достаточных данных, указывающих на признаки административного правонарушения, либо оснований для проведения внеплановой проверки Министерством принимаются соответствующие меры реагирования в пределах своей компетенции.

Кроме того, граждане вправе обратиться в суд за защитой нарушенных прав и законных интересов в порядке, установленном гражданским законодательством Республики Казахстан.

Вопросы привлечения к уголовной ответственности по статье 147 Уголовного кодекса Республики Казахстан относятся к компетенции правоохранительных органов.

Таким образом, действующее законодательство предусматривает правовые механизмы защиты персональных данных граждан в зависимости от характера выявленных нарушений.

Одновременно с применением действующих механизмов защиты проводится системная работа по совершенствованию законодательства и усилению требований к обеспечению безопасности персональных данных.

Так, 24 июня 2026 года принят Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам цифровизации, защиты персональных данных, дорожного движения и регулирования передовых технологий на транспорте», предусматривающий ряд мер, направленных на усиление защиты персональных данных граждан.

В частности, Законом предусмотрены применение методов маскирования и хеширования в цифровых объектах, регулирование копирования (выгрузки) персональных данных из критически важных цифровых объектов на цифровые носители, а также ведение реестра лиц, осуществляющих сбор и (или) обработку персональных данных.

В целях реализации указанных законодательных изменений утверждены Правила применения методов маскирования и хеширования *(приказ Заместителя Премьер-Министра – Министра искусственного интеллекта и цифрового развития Республики Казахстан от 3 сентября 2026 года № 535/НҚ),* а также Правила копирования (выгрузки) персональных данных из критически важных цифровых

объектов на цифровые носители *(приказ Заместителя Премьер-Министра – Министра искусственного интеллекта и цифрового развития Республики Казахстан от 13 октября 2026 года № 613/НҚ).*

Кроме того, собственники и (или) операторы, а также третьи лица подразделяются на малых, средних и крупных в зависимости от объема обрабатываемых персональных данных.

Введен механизм уведомления о начале и прекращении обработки персональных данных, на основании которого формируется соответствующий реестр лиц, осуществляющих сбор и (или) обработку персональных данных. Также предусмотрено ведение реестра нарушений безопасности персональных данных.

Отдельное значение имеет Конституция Республики Казахстан, принятая на республиканском референдуме 15 марта 2026 года. В статье 21 впервые на конституционном уровне прямо закреплено право на защиту персональных данных от незаконного сбора, обработки, хранения и использования, в том числе с применением цифровых технологий.

Закрепление данной нормы усиливает конституционные гарантии защиты персональных данных граждан, способствует укреплению доверия к цифровым сервисам и технологиям, а также повышает ответственность операторов при обработке персональных данных.

Министерством на постоянной основе принимаются меры, направленные на защиту данных граждан, повышение ответственности операторов, внедрение современных цифровых инструментов, минимизацию рисков утечки информации и обеспечение комплексной безопасности цифровой среды Казахстана.

Ж. Мадиев